



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

шағымданды. Көбіне, бізге Өзбекстан азаматтары шағымданады, біз оларға өз отандарына қайту үшін қажетті құжаттарын қалпына келтірулеріне көмек көрсетеміз. Бақытымызға орай, бізде балалар тап болған жағдайлар жоқ. [4].

Үкіметтің құрбандарға көмектесу және оларды қорғау шаралары жақсарды, дегенмен, қылмыстың алдын алу үшін үкімет жұртшылыққа адам саудасы туралы ақпарат тарату шараларын белсенді өткізу қажет. Үкіметтің қарауындағы ұлттық және аймақтық үнқағаздарда адам саудасы жайлы мақала және телерадио арналарындабағдарлама үзіндісі көрсетілуі қажет. Жұртшылықтың адамсаудасының қауіптері туралы біршама жақсы білетін болады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері қауымдастықтармен кездесіп, адам саудасы туралыой бөліссе. Құқық қорғау органдары жұмыспен қамту және туристік агенттіктердізанды жұмыс істейтінін үнемі тексерісте болуы керек. Қазақстан БҰҰ-ның 2000 жылғы Адам саудасы жөніндегі хаттамасын бекіткен жоқ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Электронды ресурс:www.egemen.kz
2. Электронды ресурс: www.ktk.kz/ru/news/video/2012/12/19/20398“В Казахстане до сих пор существуют рабы и рабовладельцы” 19.12.2012
3. Электронды ресурс: <http://kk.wikipedia.org/>
- 4.Электронды ресурс: <http://stoptraffic.kz/>

УДК 343.21

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМДЫ ҰСТАП БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орманбек Дарын Ерғалиұлы

daryn.ormanbek@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші: З.Ғ.К. Мұратханова М.Б.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 9- бабында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру мәселесі келтірілген. Осы бапқа сәйкес, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін. Ешкімді де шет мемлекетке, егер сол мемлекетте оған азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатігездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсету немесе жазалау қатері бар пайымдауға айтарлықтай негіздер болса, сондай-ақ өлім жазасын қолдану қаупі жағдайында, егер Қазақстан Республикасының шарттарында өзгеше көзделмесе, ұстап беруге болмайды[1].

Халықаралық қылмыстық құқық пен қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша ұстап беру, құқықтық көмек көрсету түрлерінің алатын орны ерекше болып табылады. Яғни, оларды орындау барысында мемлекеттің егемендігі мен құқығы, сондай-ақ, адам құқықтарынан сәйкестігін табады. Экстрадиция институтының басты міндеті – ұстап берілетін тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету, жүзеге асыру болып табылады [2, 138 б.]. Ұстап беруді реттейтін нормаларға: халықаралық шарттар, мемлекеттердің ұлттық заңдары жатады. Ғалымдардың ортақтасқан пікірінше, ұстап беру институтын реттейтін нормалар кешенін екі негізгі түрлерге бөліп қарастырған:

Алғашқысын, шартты түрде еуропалық деп;

Кейінгісін ағылшын-американдық деп атаған болатын.

Бірінші аталған нормалар кешенінің түрі құрлықтық Еуропа және Латын америка елдері мен Британияны қоспағанда Еуропа отарларының роман-германдық елдерінде, ал

екінші шарт жалпы құқықтық мемлекеттерде жүзеге асырылды. Бұл еуропалық шарттар түрлері белгілі бір арнайы қағидаларға негізделді: екі жақты қылмыстылыққа; өзінің тұлғаларын ұстап бермеуі. Қорытындылай келе, бұл жоғарыда қарастырылып кеткен қағидаларды жалпы құқық қағидаларына сай негізделген деп түсінеміз.

Ал, аталған ағылшын-американдық кешендер бұл қағидаларды танымауға негізделген. Бұл жерде оның басты мақсаты болып – жазаның міндеттілігін шарттар және заңдардың кең талқылауы арқылы да қамтамасыз ету болып келеді.

Мұндай халықаралық келісімдер Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасында 1993 жылы 22 қазанда, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында

1993 жылы 14 қаңтарда бекітілген. Қазақстан Республикасы көптеген мемлекеттермен осындай шарт жасасқан.

2002 жылы 7 қазан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Кишинев Конвенциясы бекітіліп, онда мемлекеттер азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек беруге келісілген. Бұл конвенция Қазақстан Республикасында 2004 жылы 10 наурызда ратификацияланған, осы Кишинев конвенциясының 89-бабында қылмыс жасаған адамды ұстап беруге болмайтын негіздер тұжырымдалған.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстан Республикасы егемендігін жариялаған соң әлемдік қауымдастықта, дамудың демократиялық жолын таңдаған елдердің ішінде, өзін мәртебелі орынға қойған болатын.

1993 жылы 22 қаңтарда ТМД-на қатысушы-мемлекеттермен қылмыстық істерге қатысты құқықтық көмек берудің мәселелерін қамтитын Минск конвенциясы қабылданған болатын. Бұл ТМД мемлекеттерінің арасында қылмыстық істер бойынша халықаралық құқықтық көмек саласында жасалған екі жақты шарттардың бірыңғай жұмыс істеуін қамтамасыз ететін акт қабылдаудың қажеттігімен нақтыланған.

Азаматтық, отбасы және қылмыстық істерге қатысты өзара құқықтық көмек көрсету туралы Минск конвенциясының кемшіліктерінің бірі болып - шет мемлекеттік сот үкімдерін танудың және оларды жүзеге асырудың институтын тек қылмыс нәтижесінде (51бап) келтірілген шығынды өтеу мен азаматтық талап (6 бап) қоюға байланысты ғана тану мен жүргізу[3, 456.].

Конвенция үкімдердің екі түрін ажыратып көрсетеді: азаматтық талап қойылатын істерге байланысты үкімдер; азаматтық талап қойылмайтын істерге қатысты үкімдер. 1993 жылғы ТМД Конвенциясы азаматтық талапты қанағаттандыратын үкімдерді іске асыру тәртібін ұлттық қылмыстық іс жүргізу заңының реттеу шеңберіне жатқызса да реттемейді. Сондай-ақ, Конвенцияда шығынды өтеу бойынша үкімді жүргізу нақты реттелген. (51-55 баптар). Мұндай мәселелер ҚР атқару өндірісі туралы халықаралық шарттарыда және ұлттық заңдарында бекітілген тәртіпте жүргіз

1995 жылы 30 тамызда қабылданған еліміздің Конституциясы адамның құқықтарын, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы деп жариялап, демократиялық, зайырлы, әрі құқықты мемлекетті қалыптастыруды таңдаған болатын. Еліміздің Конституциясы негізгі халықаралық құқықтық актілерді мойындап, адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын заңды негіздермен бекіткен.

Қылмыс жасаған тұлғалардың ізіне түсу үшін, екі мемлекеттің қылмыстарды ашу барысындағы әрекеттерін біріктіретін, қылмыстылықпен халықаралық деңгейде күресудің ең негізгі құралдарының бірі болып табылатын – экстрадиция, яғни, қылмыс жасаған тұлғаларды беруі.

Қазақстан Республикасы шет мемлекеттердің сот үкімдерін тану және орындау институтын реттеудің құқықтық негізін қалыптастыратын біраз халықаралық шарттардың қатысушысы болғанына қарамастан, экстрадицияға қатысты біздің мемлекеттің басқа елдермен халықаралық ынтымақтастығын жетілдіруде ықпалын тигізетін бірқатар еуропалық конвенцияларға бірігуін айта кету керек.

Ол Еуропа Кеңесі – құрлықтағы ең беделді, өкілді ұйымдардың бірі болып келеді, сонымен қатар, қылмыстық сот ісін жүргізу саласына бағытталып жасалған 25-тен астам конвенциялар, келісімдер мен хаттамалардың бар екендігін білеміз.

Қылмыстық істер бойынша жедел іздестіру шараларын және іс жүргізу әрекеттерін орындау барысында көмек көрсетудің түрлері ҚР ПМ және Литва арасында 1993 жылы 7 қарашада Алматы қаласында жасалған ынтымақтастық туралы келісімінде (3 бап 2 тармақ) және «осылармен қоса анықтама, тергеу, сот органдарынан қашып жүрген тұлғаларды іздестіруді, ұстауды, керек болса қамауға да алуды да көздеген» (5 бап 4 тармақ). 1995 жылы 24 сәуірде ҚР ПМ және Өзбекстан ПМ арасында жасалған ынтымақтастық туралы келісінің 3 бабының 1-3 тармақшаларында «қылмыстық істерге байланысты өтініштерді және талаптарды орындау, керек болатын жағдайларда жедел іздестіру шараларын сондай-ақ, тергеу әрекеттерін бірігіп жүргізуді жөн көрген».

Қазақстан Республикасының және Украина ПМ араларындағы ынтымақтастық туралы келісімінде «басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасалған қылмыскерді іздестіруді әрекеттері мен оларды ұстап беруге кезіндегі көмек көрсету шаралары бекітілген» (2 бап 1 тармақ).

Қазақстан Республикасының үлгісінде қылмыс жасаған тұлғаларды экстрадициялау екі бағытта жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында, аумағынан тыс жерде немесе мүдделеріне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаны Қазақстан Республикасына экстрадициялау. Бұл бағыт бойынша экстрадиция субъектілері Республика азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар да болуы мүмкін. Мысалы, Ресей Федерациясының азаматы Қазақстан Республикасы аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасап, Польша мемлекетінде қашып жүрген жағдайда, мұндай тұлға Қазақстан Республикасына қайтарылып берілуі керек.

2) Қазақстан Республикасында бой тасалап жатқан, бірақ шет мемлекеттерінің аумағында қылмыс жасаған шетел азаматы не болмаса азаматтығы жоқ тұлға Қазақстан Республикасынан экстрадициялануға тиіс. Мысалы, Ресей Федерациясының азаматы өз мемлекетінде қылмыс жасап Қазақстан Республикасының аумағында жасырынып жүрсе, экстрадициялық қамау орындалғаннан кейін Ресей Федерациясына берілуі керек.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғанынан бері бірталай халықаралық шарттарды және келісімдерді жасағанымен, олардың басым бөлігі мемлекет мүдделеріне, адам құқықтарын және бостандықтарын қорғауға негізделген конституциялық ережелердің талаптарына сәйкес бола бермейді. Шынын айтқанда, шет мемлекеттердің барлық жағдайларда өздеріне жүктелген шарт бойынша міндеттемелерін адал орындамағандықтан олардың басым бөлігі нақты іс жүзінде жүзеге асырылмай қалады. Оларға байланысты ҚР Конституциялық Кеңесінің құзыреттері шектеулі болып келеді және олар ратификацияланбайтын халықаралық шарттарды қарастырмайды.

Бұл тұрғыда Р.Н. Акпарованың көзқарасынша, қылмыстық істер байланысты құқықтық көмек көрсету барысында, қылмыстық сот өндірісін жүргізу кезінде келісімдердің бұл түрлерін қолданудың қажеті жоқ. Қылмыстық сот өндірістерін жүргізу тек қана ҚР атынан жасалған ҚР ратификацияланған халықаралық шарттардың негіздерімен реттелуі керек. Бұл топтарға қылмыстық істер қатысты құқықтық көмектер көрсетудің қылмыстық іс жүргізу ережелерін талаптарын басшылыққа алатын шарттарды жатқызу қажет.

Мысалыға, бұл саладағы жасалған ведомствоаралық келісімдер қатарына тек 2010 жылғы АҚШ-тың ФТБ, Чехия, Словения, Болгария, 2009 жылғы 23 маусымда Мәскеу қаласында жасалған Ресей Федерациясының прокуратураларымен ынтымақтастық туралы қол қойылған келісімдерді атап өтуге болады.

Ұстап беру мемлекеттің өз аумағында жүрген тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін басқа мемлекетке беруі ретінде де қарастырылады.

В.Н. Кудрявцев экстрадицияның құқықтық табиғатын зерттеушілердің әрқалай түсінетіндігін көрсетеді. Кейбір мамандар құқық бұзушыларды ұстап беру көбінесе

экстрадициялау туралы шешімді сот емес үкімет немесе оның қандай да бір органы қабылдайтындықтан әкімшілік процесс деп есептейді. Тиісінше бұл құқықтық институтты әкімшілік немесе мемлекеттік құқыққа жатқызуға болады. Сонымен қатар, экстрадицияны қылмыс жасаған тұлғаны басқа мемлекетке беру тәртібі белгіленген процессуалдық кепілдіктер сақталған жағдайда ғана жүзеге асырылатындықтан қылмыстық іс-жүргізу құқығының элементі ретінде қарастыруға болады. Экстрадицияны қылмыстық құқықтың бөлігі ретінде де қарастыруға болады.

Үнді зерттеушісі Гурдип Сингх экстрадиция шарттар немесе екі жақтылық қағидасына негізделген және оларға сәйкес бір мемлекет екінші мемлекетке оның өтініші бойынша қылмыс жасады деп айыпталған немесе өтініш білдіріп отырған мемлекеттің заңына қайшы қылмыстық әрекеті үшін жазаға тартуға үкім шығарылған тұлғаларды ұстап беретін процессті қамтиды деп есептейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған.
2. Даубасов С.Ш. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру (экстрадиция) аясындағы қатынастарды халықаралық құқықтық реттеу. заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2005. - 138 б.
3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндерме. Жалпы және Ерекше бөлімдер. – Алматы: Жеті жарғы, 2010.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 1995 ж.
5. Байжанов М.М. Қылмыскерлерді ұстап беру ұғымының ерекшеліктері //Қазақстандық халықаралық құқық журналы. – Алматы. - 2011. - № 1 (41). - 26-33 бб.
6. Байжанов М.М. Құқықтық көмек көрсету түсінігі мен мазмұны // Республика Казахстан и актуальные проблемы международного частного права: мат-лы круглого стола

УДК 343.622

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ – ҒАСЫР ІНДЕТІ

Пусырманов Әділбек

111_qqq_12@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к. Мұратханова М.Б.

Тәуелсіздік деген ұғымның өзі әр адамға жағымды естіліп, өзіне деген сенімділікті арттыра түседі. Тәуелсіздік бұл еркіндік, өз алдына дербестік. Тала ата бабаларымыз аңсаған арманға жеткенімізге бүгінде міне жиырма төртінші жылға да жетіп келеміз. Осы жылдар аралығында мемлекетіміздің барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып еңсесін тіктей бастап, халықаралық аренада өз беделін көрсете түсті. Десек те, бүгінгі қоғамда алаңдатарлық келеңсіз мәселелер де жоқ емес. Солардың бірі – мемлекетіміздің діни ахуалы.

Қазақстан әлеуметін сан-саққа салған діни келеңсіздіктердің пайда болу себептері қандай? Дін атын жамылып жүрген теріс бағыттағы топтардың көздеген түпкі мақсаттары не? Мақаламызда осы сұрақтарға жауап беруге тырысамыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бар ой-санамыз бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық, нарықтық мәселелерге бағытталып, рухани құндылықтарды жаңғыртуға деген ынта-талпынысымыз аз да болсын кешеуілдеді. Соның салдарынан қоғамда рухани бос кеңістік орын алғаны рас. Осы тұста жат елдерден келген әр түрлі діни экстремистік идеялы топтар өздерінің саясаттарын ұтымды пайдаланып, сол рухани бос кеңістікті өздерінше толтыруға тырысып бақты. Сондай-ақ, еліміздің «Діни-сенім бостандығы туралы» Заңының